

## Шымкент қаласы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

### *Күшін жойған*

Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 69/632-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 127 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 25/228-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 28.03.2025 № 25/228-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 12.08.2022 № 20/177-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 576-бабы 8-тармағына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 12.08.2022 № 20/177-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шымкент қаласы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 12.08.2022 № 20/177-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы  
мәслихаты сессиясының төрайымы  
Шымкент қаласы  
мәслихатының хатшысы

Т. Султанова

Г. Ташкараев

Шымкент қаласы  
мәслихатының 2020 жылғы  
14 қыркүйектегі № 69/632-6с  
шешіміне қосымша

## Шымкент қаласы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 12.08.2022 № 20/177-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Стационарлық көздерден ластаушы заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| P/c № | Ластаушы заттардың түрлері     | 1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) | 1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |
|-------|--------------------------------|--------------------------------------------|------------------------------------------------|
| 1     | 2                              | 3                                          | 4                                              |
| 1.    | Күкірт оксидтері (SOx)         | 20                                         |                                                |
| 2.    | Азот оксидтері (NOx)           | 20                                         |                                                |
| 3.    | Шаң және күл                   | 10                                         |                                                |
| 4.    | Қорғасын және оның қосылыстары | 3 986                                      |                                                |
| 5.    | Күкіртсутек                    | 124                                        |                                                |
| 6.    | Фенолдар                       | 332                                        |                                                |
| 7.    | Көмірсутектер                  | 0,32                                       |                                                |
| 8.    | Формальдегид                   | 332                                        |                                                |
| 9.    | Көміртегі монооксиді           | 0,32                                       |                                                |
| 10.   | Метан                          | 0,02                                       |                                                |
| 11.   | Күйе                           | 24                                         |                                                |
| 12.   | Темір тотықтары                | 30                                         |                                                |
| 13.   | Аммиак                         | 24                                         |                                                |
| 14.   | Алты валентті хром             | 798                                        |                                                |
| 15.   | Мыс тотықтары                  | 598                                        |                                                |
| 16.   | Бенз(а)пирен                   |                                            | 996,6                                          |

2. Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| P/c № | Отын түрлері             | Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерлеме (АЕК) |
|-------|--------------------------|-------------------------------------------------------|
| 1     | 2                        | 3                                                     |
| 1.    | Этилденбеген бензин үшін | 0,66                                                  |
|       |                          |                                                       |

|    |                                        |      |
|----|----------------------------------------|------|
| 2. | Дизель отыны үшін                      | 0,9  |
| 3. | Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін | 0,48 |

3. Ластаушы заттардың төгінділері үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| Р/с № | Ластаушы заттардың түрлері         | 1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |
|-------|------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1     | 2                                  | 3                                          |
| 1.    | Нитриттар                          | 1 340                                      |
| 2.    | Мырыш                              | 2 680                                      |
| 3.    | Мыс                                | 26 804                                     |
| 4.    | Оттегіне биологиялық қажеттілік    | 8                                          |
| 5.    | Тұзды аммоний                      | 68                                         |
| 6.    | Мұнай өнімдері                     | 536                                        |
| 7.    | Нитраттар                          | 2                                          |
| 8.    | Жалпы темір                        | 268                                        |
| 9.    | Сульфаттар (анион)                 | 0,8                                        |
| 10.   | Өлшенген заттар                    | 2                                          |
| 11.   | Синтетикалық беткі-белсенді заттар | 54                                         |
| 12.   | Хлоридтер (анион)                  | 0,2                                        |
| 13.   | Алюминий                           | 54                                         |

4. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын көмгені үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| Р/с №  | Қалдықтардың түрлері                                                                                                                        | Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |                             |
|--------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|-----------------------------|
|        |                                                                                                                                             | 1 тонна үшін                  | 1 гигабек-керель үшін (Гбк) |
| 1      | 2                                                                                                                                           | 3                             | 4                           |
| 1.     | Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы бөлінген орындарда көмгені үшін:        |                               |                             |
| 1.1.   | Осы кестенің 1.2-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, төлемақыны есептеу мақсаттары үшін қауіптілік қасиеттері ескерілетін қалдықтар |                               |                             |
| 1.1.1. | қауіпті қалдықтар                                                                                                                           | 8,01                          |                             |
| 1.1.2. | қауіпсіз қалдықтар                                                                                                                          | 1,06                          |                             |
|        |                                                                                                                                             |                               |                             |

|          |                                                                                                                                                                                                                                   |       |      |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|------|
| 1.2.     | Төлемақыны есептеу<br>мақсаттары үшін<br>қауіптілік қасиеттері<br>ескерілмейтін<br>қалдықтардың жекелеген<br>түрлері:                                                                                                             |       |      |
| 1.2.1.   | Коммуналдық қалдықтар<br>(қатты тұрмыстық<br>қалдықтар, кәріздік<br>тазарту құрылыстарының<br>тұнбасы)                                                                                                                            | 0,38  |      |
| 1.2.2.   | Тау-кен өндіру<br>өнеркәсібінің және<br>карьерлерді игеру<br>қалдықтары (мұнай мен<br>табиғи газды өндіруден<br>басқа):                                                                                                           |       |      |
| 1.2.2.1. | аршынды жыныстар                                                                                                                                                                                                                  | 0,004 |      |
| 1.2.2.2. | жанасқан таужыныстары                                                                                                                                                                                                             | 0,026 |      |
| 1.2.2.3. | байыту қалдықтары                                                                                                                                                                                                                 | 0,02  |      |
| 1.2.2.4. | шлактар, шламдар                                                                                                                                                                                                                  | 0,038 |      |
| 1.2.3.   | Құрамында пайдалы<br>қазбалар бар кенді,<br>концентраттарды,<br>агломераттарды және<br>шекемтастарды қайта<br>өңдеу, қорытпалар мен<br>металдар өндірісі кезінде<br>металлургиялық қайта<br>жасауда түзілетін<br>шлактар, шламдар | 0,038 |      |
| 1.2.4.   | Күл мен күлшлактар                                                                                                                                                                                                                | 0,66  |      |
| 1.2.5.   | Ауыл шаруашылығы<br>өндірісінің қалдықтары,<br>оның ішінде көң, құс<br>саңғырығы                                                                                                                                                  | 0,002 |      |
| 1.2.6.   | Радиоактивті қалдықтар:                                                                                                                                                                                                           |       |      |
| 1.2.6.1. | трансуранды                                                                                                                                                                                                                       |       | 0,76 |
| 1.2.6.2. | альфа-радиоактивті                                                                                                                                                                                                                |       | 0,38 |
| 1.2.6.3. | бета-радиоактивті                                                                                                                                                                                                                 |       | 0,04 |
| 1.2.6.4. | шынақты радиоактивті<br>көздер                                                                                                                                                                                                    |       | 0,38 |